

Т.З. Рысбеков, А.Б. Нариман

*М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті, Орал, Қазақстан
(E-mail: june91@bk.ru)*

Бірінші дүниежүзілік соғыс жылдарындағы Батыс Қазақстанның мұнай өнеркәсібіне шетел капиталының енуі: тарихы мен мәселелері

Мақалада Бірінші дүниежүзілік соғыс қарсаңында және оның кезінде Ресей империясы жағдайында Батыс Қазақстанның мұнай саласына шетелдік капиталдың ену тарихы қарастырылған. Мақаланың кіріспе бөлігінде авторлар қазіргі кезеңдегі шетелдік компаниялардың рөлі мен қызметін қарастырған және бұл Батыс Қазақстанның мұнай саласына шетелдік капиталдың ену тарихын зерттеудің өзектілігін көрсетеді. Авторлар шетелдік капиталдың Батыс Қазақстанның мұнай аймақтарына ену жолдарын қарастырған, шетелдік компаниялардың құрылу кезеңдерін және олардың мақсаттарын талдаған.

Кілт сөздер: Бірінші дүниежүзілік соғыс, Батыс Қазақстан, шетел капиталы, шетел компаниялары, Орал-Ембі мұнай ауданы.

Кіріспе

Әлемдік экономикалық прогресстің негізгі әрі қозғаушы күші энергетикалық аспект болып табылатыны және оның даму жағдайына планетаның миллиардтаған тұрғындарының тұрмыс-тіршілігі тәуелді екені белгілі. Сондықтан, әрбір мемлекет өзінің энергетикалық қуатын арттыруға ұмтылады және олардың қатарында Қазақстан Республикасыда бар. Қазақстанның мұнай саласы мемлекетіміздің экономикасының маңызды салаларының бірі болып табылады. Осы себептен, ХХ ғасырдың 90-жылдарының басында, тәуелсіздікке қол жеткізгеннен соң, бірінші кезекте мұнай секторын дамытып, оған шетел инвестицияларын тартып, дамыған шетел мемлекеттерімен ынтымақтастықты дамыту жөнінде шешім қабылданған болатын.

Қазақстанның тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Жаңа кезеңдегі жаңа Қазақстан» аталатын халыққа жолдауында және «Қазақстан-2030» мемлекеттік даму стратегиясында республикамыз үшін мұнайдың құндылығын және оны ұлттық мүдде мен қызығушылықтар үшін пайдалану, Қазақстанның мұнай саясатының қатаң саяси-құқықтық негізін айқындаудың маңыздылығы жөнінде атап көрсеткен болатын. Мұнай – бұл Қазақстан Республикасының ұстанымын нығайтуға ықпал ететін сыртқы экономикалық дипломатияның маңызды рычагы [1], қазақстандық қазынаға айтарлықтай қаржының келуін қамтамасыз ететін және мұнай саласы экономиканың басқада салаларының дамуына, осының нәтижесінде халықтың тұрмыс-жағдайы деңгейінің жоғарлауына ықпал етеді [2].

Сондықтан, отандық мұнай секторын стимулдаудың тиімді механизмін қалыптастыру Қазақстан экономикасының тұрақты даму траекториясына кіруінің маңызды факторы болып саналады. Осы тұрғыдан алғанда, мемлекетіміздің Батыс облысы территорияларындағы және Каспий теңізінің қазақстандық секторындағы мұнай кен орындарын барлаудың, өңдеу мен өндірудің қолайлы жағдайларын қалыптастырудың маңызы зор. Дәл осы Батыс Қазақстан облысы ХХІ ғасырда Қазақстанға энергоресурстарға деген өзіндік экономиканың өсіп келе жатқан қажеттіліктерін қамтамасыз етуге және әлемдік нарықтарға мұнайды экспорттауды кеңейтуге мүмкіндік береді.

Қазақстандағы мұнайдың бай қоры шетелдік инвесторлар мен кәсіпкерлер тарабынан үлкен қызығушылық тудырады, көптеген шетелдік мұнай компаниялары Қазақстанның бірқатар қалаларында өздерінің өкілдіктерін ашып, жергілікті кадрлармен ынтымақтастық орнатқан. Қазіргі уақытта Қазақстан экономикасының кез-келген бір секторын тікелей инвестициялайтын трансұлттық компаниялардың маңызы зор. Мұнай саласы бойынша Қазақстан нарығында қызмет атқаратын және үлкен мөлшердегі капиталды инвестициялайтын көптеген шетел компанияларының маңызы бар. Негізінен мемлекетіміздің батысында орналасқан, Қазақстан территориясында шамамен 11-ге жуық — Теңіз, Қашаған, Өзен, Қарашығанақ, Қаламқас, Жаңажал, Жетібай, Ақтоты, Қаламқас-теңіз, Кенқияқ, Қайран мұнай кен орындары шоғырланған. Осы аталған мұнай кен орындарының барлығы

кемінде бір немесе екі шетел компаниялары тарабынан инвестицияланады. Қазіргі уақытта Қазақстанда, соның ішінде Теңіз, Қашаған, Қарашығанақта 1993 ж. бастап американдық «Шеврон» (Chevron), ExxonMobil (Теңіз, Қашаған), ConocoPhillips (Қашаған) компаниялары, италияндық «Agip», британдық «British Gas» (Қарашығанақ), француздық «Total» (Қашаған) компаниялары қызмет жасайды. Осындай шетел компанияларының, капиталының Қазақстанға ену тарихы тереңде жатыр.

Сондықтан, біз үшін Бірінші дүниежүзілік соғыстың қарсаңындағы және жылдарындағы Батыс Қазақстанның мұнайлы аудандарына шетел капиталының ену тарихын зерттеу үлкен қызығушылық танытады және осы тұрғыдан алғанда мақала тақырыбының өзектілігі ешқандай күмән тудырмайды. Осымен қатар, Бірінші дүниежүзілік соғыс жылдарындағы Батыс Қазақстанға шетел капиталының енуі отандық тарихнамада зерттелмеген. Сондықтан, XIX-XX ғ. тоғысында Қазақстанның экономикалық дамуының тарихи тенденцияларын терең түсіну үшін аймақтық мәселелерге қатысты зерттеулердің қажеттілігі туындап отыр.

Методология және зерттеу әдістері

Мақаланы жазу барысында ең алдымен, жалпы тарих ғылымының қазіргі уақыт талабына сай дамуына мүмкіндік беретін историзм, диалектика және объективтілік принциптері басшылыққа алынды. Историзм принципі мақаланың нысанын — шетел капиталын, компанияларын олардың пайда болу жағдайы және уақытымен тығыз байланыста қарастыруға мүмкіндік берді. Батыс Қазақстандағы шетел компаниялары мен қоғамдарын, олардың дамуы мен динамикасында қарастыруға, оның себеп-салдарын анықтау барысында диалектика принципі басшылыққа алынды. Объективтілік принципі өткен құбылыстарды олардың өзгеруіне, дамуына және тарихи байланыста жан-жақты қарастыруға мүмкіндік берді.

Сонымен бірге, Батыс Қазақстанның мұнайлы аудандарында шетел компанияларының құрылу тарихын, олардың мақсаты мен міндеттерін, мұнай кәсіпорындарына енуінің жолдарын зерттеу барысында салыстырмалы-тарихи әдісі қолданылды.

Пікір-талас

Бірінші дүниежүзілік соғыстың қарсаңында және жылдарында Англия, АҚШ, Франция, Германия, Италия, Голландия және Жапонияның ірі қаржы магнаттары алдымен ұлттық, соңынан әлемдік деңгейде мұнай көздері және мұнай өнімдері нарығы үшін белсенді түрде күрес жүргізген болатын. Мұнай көздерінің барлық мемлекеттерде жоқтығы және мұнайға деген сұраныс бұл күресті одан әрі ушықтырған болатын.

Мұнай-кен орындарын өздерінің қолдарына шоғырландыра отырып, ірі қаржы кәсіпкерлері экономикалық және саяси жағынан үстемдік етудің құралына ие болады. Сондықтан, капиталистік елдердің үкіметтерінің қолдауы арқылы қаржы магнаттары басқа мемлекеттердегі мұнай кен орындарын жаулап алады. Мысалы, XX ғ. басына қарай 1870 ж. АҚШ-та Рокфеллер құрған «Стандарт ойл» және 1882 ж. тіркелген «Стандарт ойл трест» компаниялары Америка, Еуропа және Таяу Шығыс нарығында үстемдік етуші рөл атқарған. Бірнеше жылдан кейін аталған екі компания әлемдік нарықта 1907 ж. голландық «Ройял Датч» және ағылшындық «Шелл транспорт энд Трейдин К» компанияларының бірігуі нәтижесінде құрылған «Ройял Датч Шелл» компаниясымен бәсекеге түскен болатын.

Осылайша, Бірінші дүниежүзілік соғыстың аяғына қарай ағылшын магнаттары әлемнің мұнай нарығында өздерінің үстемдігін орнатты. Ағылшын монополиялары әлемнің барлық жерлеріндегі мұнай кен орындарын жаулап алып, оларға иелік ету үшін ұмтылыс жасады. XX ғ. басында ағылшын монополистері Орал-Ембі мұнайлы ауданына ұмтылыс жасаған болатын.

Бастапқыда, Ембінің мұнай байлығын игеру ұсақ кәсіпкерлердің қызметімен байланысты болды. И. Лебедев Қара-Шұңғұл шатқалына жақын жерде мұнайдың бар екендігіне назар аударып, оған сұраным (заявка) арқылы иелік етеді. Соңынан, бұл территорияны Лебедевтен отставкадағы штабс-капитаны Н. Леман 260000 рубльге сатып алып, Ембіде алғашқы мұнай компаниясын құрады. «Леман және К» компаниясы өзінің байланыстарын пайдалана отырып, Орал облысының Гурьев және Калымык уездерінің алты волостарында пайдалы қазбаларды іздестіру және барлау құқығына ие болады. Бұл концессия көлемі 24000 шаршы версты құрайтын ауқымды территорияны қамтыды. Бірақ, Леманның атымен белгілі болған концессия айтарлықтай оң нәтижелерге қол жеткізе алмаған [3; 41].

Сондықтан, 1907 ж. Леман шетел кәсіпкерлерімен, алдымен ағылшын, соңынан швейцария-герман капиталистер тобымен келіссөз жүргізе бастаған. Келіссөздің нәтижесінде, ағылшын капиталистері барлау жұмыстарын жүзеге асыру мақсатында Орал-Ембіге өздерінің мамандарын жіберіп, Леманан концессия үшін құқығын сатып алып, Ембідегі алғашқы «Орал-Каспий мұнай қоғамын» құрады. Бұл қоғам мұнайға бай әрі көлемі жағынан 22500 шаршы верст территорияға ие болған [5].

Жалпы алғанда, аталған кезеңде, мұнай өнеркәсібіндегі шетел капиталы қызметінің айтарлықтай нығаюы байқалады. Ц.Л. Фридманның пікірінше 1910–1914 жж. аралығында Ресей шаруашылығының барлық басқа салаларына қарағанда мұнай өнеркәсібі шетел капиталымен кеңінен байытылған [3; 43]. Н.А. Глушковтың пікірінше әлемдік мұнай нарығы үшін қалыптасқан қолайлы жағдайдың арқасында 1913 ж. Орал облысының мұнайлы аудандарына ағылшындар, француздар, бельгейцтер және голландықтар назар аударып, мұнай құндылықтары Париж, Брюссель, Лондон және Амстрадам биржаларының бай объектілеріне айналған. Британдық империализм мұнайды белсенді түрде издестіріп, Голландық Үндістанға ұмтылыс жасап, Ағылшын-Парсы компаниясын құрады, Азиялық Түркияға енеіп, Батыс Қазақстанның бай мұнай көздеріне қызығушылық танытады [4; 8].

Жоғарыда атап өткендей, шетел капиталының, соның ішінде британдық капиталдың ұмтылыс жасаған ең жас мұнай ауданы Орал-Ембі болды. Бұл ауданға деген қызығушылық 1911 жылы Доссорда («Орал-Каспий мұнай қоғамдастығының» Леманнан сатып алған № 3 ұңғымада) 30 сағат ішінде 1,5 млн. астам пұт мұнайды атқылаған кезінде туды. Бұл атқылаған мұнайдың сапасы айтарлықтай жоғары, ондағы керосиннің үлесі 70 пайызды құраған. Сондықтан, ағылшын империалистері Ембі мұнай кен орнының өздерінің қолына алу үшін барлық шараларды жасаған және Ембі ауданының айналасында ақылға сыймайтын серпіліс басталған болатын. Акцияның курсы шарықтату үшін «мұнай өзені туралы» сөз тарап, 1912 ж. Лондонда Ембі мұнай байлығын өңдеуге бағытталған құны 5 млн.фунт стерлингті (47 млн.рубль) құрайтын жаңа акцияларды даярлауға көше бастаған [3; 46].

Мысалы, Самара-Орал басқармасы бойынша мұнайды барлау және оған рұқсат алу үшін келіп түскен сұранымның көлемі Бірінші дүниежүзілік соғыстың қарсаңында айтарлықтай жоғары болған.

1914 ж. қарай ағылшын компаниясы «Орал-Каспий мұнай қоғамдастығы» иелігінде 12000 сұраным (заявка) болған. Мұнайды барлау үшін Самара-Орал жер басқармасына келіп түскен сұранымның саны 1917 ж. 1 қаңтарда 43869 жеткен. Мұнан басқа, Жер және мемлекеттік мүлік басқармасы орталығына Орал облысының Гурьев, Темирск, Либшенск уездерінің мұнай кен орындарын барлау үшін жалпы саны 20000 құрайтын өтініш келіп түскен. Ағылшын капиталы Ембі ауданына әртүрлі жолдармен: өзіндік ағылшын акционерлік компанияларын құру; атауы жағынан орыс қоғамының делдалдығы арқылы; орыс компанияларына іскер ретінде қатысу жолдары арқылы енген және басқарған. Шетел капиталының ену жолдары әртүрлі, ал мақсаты бір – ең бай мұнай кен орындарын иелену арқылы қысқа мерзім ішінде қомақты капиталды табысқа иелену болған [3; 45].

Жоғарыда аталған жолдардың әрқайсысына жеке тоқталсақ:

Бірінші топқа, яғни өзіндік ағылшын компанияларына Батыс-Орал мұнай қоғамы, Орал-Ембі қоғамы, Орталық Орал-Каспий қоғамы, Солтүстік-Каспий мұнай компаниясы жатады.

«Батыс-Орал мұнай қоғамы» (West Ural Petroleum Company Ltd) 1912 ж. құрылған. Бұл компанияның иеленген сұранымына сәйкес компанияға Орал Казак әскерлерінің Сарайчинск станицасы ауданының манайын барлауға құқық берді. Осымен бірге, 1913 ж. «Орал-Ембі мұнай кәсіпорын қоғамы» (Ural Emba Oilfields Ltd) құрылған.

Өзіндік дербес ағылшын акционерлік компаниялардың қатарына 1912 ж. құрылған «Орталық Орал-Каспий қоғамын» (Central Ural Caspian Comp., Ltd) және 1914 ж. Лондонда тіркелген «Солтүстік Каспий мұнай компаниясын» (North Caspian Oil Comp., Ltd) атап көрсетуге болады.

Шетел, соның ішінде ағылшын капиталының Орал-Ембі ауданының мұнай орындарын барлау мен өңдеу үшін рұқсат алып, кіруіне орыс компаниялары мен Ресейдің мұнай өнеркәсібі ыңғайлы жағдайды қалыптастырған. Мысалы, мұндай жол арқылы әрекет еткен ағылшын акционерлік қоғамы қатарына «Ембі-Каспий мұнай өнеркәсібі қоғамы» мен «Орал-Каспий мұнай корпорациясы» болып табылады. Бірінші аталған ағылшын компаниясы аумағы жағынан 4450 десятинаға тең «Ембі-Каспий» орыс компаниясы арқылы әрекет еткен.

Сонымен қатар, ағылшын монополистерінің ірі құралы «Орал-Каспий мұнай корпорациясы» болды. Бұл корпорация Леманның концессиясын және Орал облысының Гурьев уездінің Бланск,

Ембі-Акбассовск және Джарчинск волостарындағы мұнай кен орындарын барлауға рұқсатын иеленген. Аталған корпорацияға берілген мұнай кен орындарының көлемі 22500 шаршы верстқа, ал тек қана Доссордағы берілген учаске саны 124 жеткен [3; 49].

Жоғарыда атап көрсеткендей, шетел капиталының Қазақстан жеріне, соның ішінде Ембі ауданына енуінің бірден бір жолы олардың орыс кәсіпорындарында іскерлік қатысуы арқылы кіру жолы болып саналады. 1912 ж. Орал облысындағы мұнайды барлау мен өндіру үшін «Ембі» акционерлік қоғамы құрылған болатын. Бұл қоғамның негізгі капиталы 6 млн.рубльді құраса, оның 2 млн.550 мың рублі ағылшындардың үлесіне тиісті болса, «Ембі» қоғамы акциясының үлкен үлесі (42,5 пайызы) «Нобель ағайындары серіктестігіне» тиісті болған [4; 15]. Яғни «Ембі» акционерлік қоғамына ағылшын капиталынан басқа неміс («Нобель ағайындары серіктестігі») және француз (Луи Дрейфус банкир үйі) қызығушылық танытқандығын көре аламыз.

Осымен қатар, Парижде ірі орыс, француз және ағылшын банктері арасында мұнай кен орындарына бай жерлерді және Орал облысының мұнай индустриясын дамыту мақсатында келісімшартқа қол қойылған. Келісімшартта орыстардың қызығушылықтарын Орыс-Азия және Санкт-Петербург Халықаралық коммерциялық банкі, ал француздардың қызығушылықтарын әйгілі «Луи Дрейфус және С.Бордак» банктері қорғаған.

Бірінші дүниежүзілік соғыс қарсаңында Ембіге Майкөпте жұмыс жасау мақсатында «Колхида» акционерлік қоғамы келеді. Аталған акционерлік қоғамға ірі банктік фирмалар, атап айтқанда «Нобель ағайындары серіктестігі» (36 пайыз акцияның иесі), «Каспий-Қаратөңіз», «Бакниск мұнай өңдеуші қоғамы» қызығушылық танытқан. Айта кету керек, «Колихида» қоғамының үлескері ірі француз банк үйінің басшысы Ротшильд болған.

1913 жылдың екінші жартысында Орал облысының мұнайлы аймағын пайдалану мақсатында ірі кәсіпорын «Оңтүстік-Шығыс мұнай өнеркәсібі серіктестігі» құрылады. Ал, Бірінші дүниежүзілік соғыс кезеңінде, яғни 1915 ж. Орал облысының мұнай кәсібін құрал-жабдықтармен қамтамасыз ету үшін «Ембі ауданының көмекші кәсіпорындарының акционерлік қоғамы» құрылған және ондағы негізгі үстем рөлді ағылшын капиталы атқарған. 1916 ж. аталған акционерлік қоғам «Оралмұнай акционерлік қоғамы» деген атаумен өзінің қызметін жалғастырған.

Мұнай фирмаларын техникалық материалдармен, қажетті құрал-жабдықтарымен қамтамасыз ету үшін, сонымен бірге қаржы операцияларын жүзеге асыру үшін Гурьевте «Стукен және К» фирмасының конторасы, Орыс-Азия банкінің (фактілі түрде француз банкі, себебі ондағы 72 пайыз шетел капиталының 60 пайызы француз банкіне тиесілі болған) бөлімшесі ашылған. Орал-Ембі ауданында қызмет жасаған жоғарыда аты аталған қоғамдар еншілес кәсіпорындар бола отырып, үш ірі қаржы акционерлік компаниямен («Орыс мұнай корпорациясы», «Роял Датч Шелл» және «Нобель ағайындары серіктестігі») байланыста болған.

Мұнайлы аудандар үшін шетелдіктердің тарабынан келіп түскен өтініштердің үлкен бөлігі алып-сатарлық (спекуляция) мақсатын көздеген. Бұл жөнінде Орал облысының Темір мұнай ауданының басқарушысы Обуховский өзінің 1914 жылғы есебінде «Рұқсат алған тұлғалардың көпшілігі қазіргі уақытта мұнайды барлауға кіріскен жоқ, сұраным-рұқсаты иелену спекуляция мақсатын көздеген» деп атап көрсеткен. Орал-Ембі мұнайын пайдалану үшін құрылған акционерлік қоғамдардың да қызметі алып-сатарлық сипатта болған. Халықаралық қаржы топтары арасында және көптеген биржаларда Орал-Ембінің мұнай байлығына деген асқан сұраныстың пайда болуына қарамастан, бұл байлықты өңдеу үшін жұмсалатын қаржы капиталының көлемі аз сомманы құраған және мұның себебі шетел кәсіпкерлерінің «дайынға» ұмтылыс жасауымен байланысты болған.

Осылайша, Бірінші дүниежүзілік соғыс жылдарында Ембі ауданына орыс және шетел капиталы ұмтылыс жасады. Қазан революциясының қарсаңында Ембі ауданында қызмет атқару мақсатында құрылған компаниялар мен қоғамдардың капиталының жалпы соммасы 60 млн.рубльді құраған және оның үштен екі бөлігі шетел капиталының үлесінде, ал үштен бір бөлігі шетел капиталымен тікелей байланыста болған орыс капиталының үлесінде болған [3; 52].

Қазақстанның мұнайға бай аудандарына иелік етіп, шетел капиталистері өз тараптарынан аз мөлшердегі қаржыны жұмсап, бай кен орындарын жыртқыштық жолымен пайдаланып, арзан жұмысшы күшін қатаң түрде қолданып, қомақты кіріс табуды көздеген және «бізден соң бәрі бір» деген принциппен әрекет еткен.

Ембідегі мұнай өнеркәсібі шетел капиталистері үшін қомақты кіріс әкелген. Мысалы, Ембіде қызмет жасаған акционерлік кәсіпорындарының кірісі жыл сайын өсіп отырған. 1912–1914 жж. «Орал-Каспий мұнай қоғамы» берген дивидендтің көлемі 7 пайызды құраса, 1915 ж. оның көлемі екі

есеге өскен. Ал, «Ембі мұнай өнеркәсібі қоғамының» есебіне сәйкес оның жалпы кірісі 1913 ж. 737 мың рублді (негізі капиталы 4,8 млн.рубль болған) құраса, 1914 ж. оның көлемі 1440 мың рублге (негізгі капиталы 6 млн.рубль болған) жеткен [6; 8]. Бірнеше жылдың ішінде «Ембі» және «Орал-Каспий мұнай өнеркәсібі қоғамы» оған жұмсалған қаражатпен салыстырғанда көп табыс түсірген және Бірінші дүниежүзілік соғыс жылдарында оның көлемі тағыда айтарлықтай өскен [3; 88].

Қорытынды

Бірінші дүниежүзілік соғыстың қарсаңында және жылдарында Батыс Қазақстанның мұнайлы аудандары шетел капиталистері тарабынан үлкен қызығушылық танытып, әлемдік нарықта маңызды рөл атқарған. Батыс Қазақстанның территориясында құрылған алғашқы шетелдік қоғамдар мен компаниялар индустриализация жолындағы алғашқы қадамдарды жеңілдеткенімен, Қазақстанның экономикалық дамуының анықтаушы факторы болған жоқ және экономикалық дамуға айтарлықтай ықпалы болмады. Себебі, шетел капиталистері тек қана пайда пайда-кіріс мақсаттарын көздеп, алдымен дайын мұнайды атқылаған аудандарға қызығушылық танытқан, жаңа мұнайлы территорияларды барлау т.б. жұмыстарына қаржы бөлмеген. Мұнай өнеркәсібінен түскен кіріс кәсіпорындардың дамуына және өндірістің әдістері мен тәсілдерін жетілдіруге жұмсалған жоқ. Шетел капиталистері қарапайым кәсіпорындарды құрып, оларда ескірген және минимум қажетті құрал-жабдықтарды қолданған, сондықтан бұл кәсіпорындардың тағдыры аз уақыттық болып, ондағы қондырылған құрал-жабдықтар тез ескіріп, істен шығып қалып отырған.

Сондықтан, өткен тарихи тәжірибеге шолу жасай отырып, отандық ғылымның болашақта дамуы үшін және қазіргі таңда Қазақстан Республикасының алдында тұрған экономикалық қатынастар мәселесін шешудің әдістерін жетілдіру мақсатында тарихтан сабақ алу қажет.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Послание Президента РК Н.Назарбаева «Новый Казахстан в новое время» [Электронный ресурс]. — Режим доступа: http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K070002007_#z0
- 2 Стратегия государственного развития РК «Казахстан–2030» [Электронный ресурс]. — Режим доступа: <https://www.zakon.kz/60241-strategija-kazahstan-2030-i-ee.html>
- 3 Фридман Ц.Л. Иностранный капитал в доореволюционном Казахстане / Ц.Л. Фридман. — Алма-Ата: Казах. изд-во, 1960. — 143 с.
- 4 Глушков Н.А. Современное состояние буровых работ на нефтяных площадях Уральской области / Н.А. Глушков // Нефтяное дело. — 1911. — № 21. — С. 5–11.
- 5 Эвентов Л. Иностранный капитал в нефтяной промышленности России (1874–1917 гг.) / Л. Эвентов. — М.-Л., 1925. — 203 с.
- 6 Алампиев П.М. Ликвидация экономического неравенства народов Советского Востока / П.М. Алампиев. — М.: Изд-во АН СССР, 1958. — 451 с.

Т.З. Рысбеков, А.Б. Нариман

Проникновение иностранного капитала в нефтяную промышленность Западного Казахстана в годы Первой мировой войны: история и проблемы

В статье проанализирована история проникновения иностранного капитала в сферу нефтяной индустрии Западного Казахстана в условиях Российской империи накануне и в годы Первой мировой войны. Авторами рассмотрена роль и деятельность иностранных компаний на современном этапе и этим обозначена актуальность изучения истории проникновения иностранного капитала в нефтяную отрасль. Кроме того, изучены пути проникновения иностранного капитала в нефтяные районы Западного Казахстана, приведены этапы создания иностранных компаний, обществ и их цели.

Ключевые слова: Первая мировая война, Западный Казахстан, иностранный капитал, иностранные компании, Урало-Эмбинский нефтяной район.

T.Z. Rysbekov, A.B. Nariman

Foreign capital penetration in the oil industry Western Kazakhstan during the First World War: history and problems

The article analyzes the history of the penetration of foreign capital into the oil industry of Western Kazakhstan in the conditions of the Russian Empire on the eve of and during the First World War. In the introductory part of the article, the authors considers the role and activities of foreign companies at the present stage and this indicates the relevance of studying the history of the penetration of foreign capital into the oil industry of Western Kazakhstan in the above period. The authors examined the ways of penetration of foreign capital into the oil regions of Western Kazakhstan, analyzed the stages of creating foreign companies, societies and their goals.

Keywords: World War I, Western Kazakhstan, foreign capital, foreign companies, Ural-Emba oil region.

References

- 1 *Poslanie Prezidenta RK N.Nazarbaeva «Novyi Kazakhstan v novoe vremia» [Message of the President of the Republic of Kazakhstan N. Nazarbayev «New Kazakhstan in a new time»].* adilet.zan.kz. Retrieved from http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K070002007_#z0
- 2 *Stratehiia hosudarstvennoho razvitiia RK «Kazakhstan–2030» [State Development Strategy of the Republic of Kazakhstan «Kazakhstan-2030»].* zakon.kz. Retrieved from <https://www.zakon.kz/60241-strategija-kazakhstan-2030-i-ee.html>
- 3 Fridman, C.L. (1960). *Inostrannyi kapital v dovrevoliutsionnom Kazakhstane [Foreign capital in pre-revolutionary Kazakhstan]*. Alma-Ata: Kazakhskoe izdatelstvo [in Russian].
- 4 Glushkov, N.A. (1911). *Sovremennoe sostoianie burovykh rabot na nefiannykh ploshchadiakh Uralskoi oblasti [Current state of drilling operations in the oil fields of the Ural region]. Neftianoe delo — Oil business, 21 [in Russian].*
- 5 Eventov, L. (1925). *Inostrannyi kapital v nefianoi promyshlennosti Rossii (1874–1917 hh.) [Foreign capital in the oil industry of Russia (1874–1917)]*. Moscow–Leningrad [in Russian].
- 6 Alampiev, P.M. (1958). *Likvidatsiia ekonomicheskoho neravenstva narodov Sovetskoho Vostoka [The elimination of economic inequality of the peoples of the Soviet East]*. Moscow: Izdatelstvo AN SSSR [in Russian].